

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

КЕЛІСЕМІН  
«Айдарбаев» ШҚ Басшысы  
Е. Айдарбаев  
2024 ж.



А. Куришбаев  
2024 ж.

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»

Берілетін дәреже: «6B08201 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»  
білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры

«Зооинженерия» кафедрасының отырысында талқыланды  
№ 5 хаттама « 16 » 01 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі Ш.Адылканова Ш.Адылканова

«Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы» факультетінің академиялық  
комитеті отырысында қарастырылды  
№ 4 хаттама « 30 » 01 2024 ж.

Факультеттің АҚ төрайымы К.Искакова К.Искакова

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, Ғылыми Кеңеске ұсынылды  
№ 4 хаттама « 01 » 02 2024 ж.

Университеттің ОӘК төрағасы А.Абдыров А.Абдыров

Білім беру бағдарламасы ҚазҰАЗУ Ғылыми Кеңесінде бекітілді  
№ 9 хаттама « 01 » 03 2024 ж.

### Құрастырушылар:

Факультет деканы

Б. Еренова

Кафедра меңгерушісі

Ш.Адылканова

Оқытушы:

қауымдастырылған профессор

Е.Баймәжі

ТППЖ-20-01К 401 тобының студенті

Д.Ауғалиқызы

2023 жылғы түлек

Н.Тұралық

### Жұмыс беруші:

«Айдарбаев» ШҚ Басшысы

Е.Айдарбаев

### Келісілген:

Білім беру бағдарламаларын  
жобалау офисінің бастығы

Ж. Кусаинова

### **Қолдану аймағы**

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ 6В08201-«Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлауды жүзеге асыруға арналған.

### **Нормативтік құжаттар**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 заңы;

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазан № 563 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері.

Кәсіби стандарт: «Құстарды өсіру» Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 26.10.2022 ж. №190 бұйрығына № 21 қосымша

Кәсіптік стандарт: «Сүт бағытындағы түйелерді өсіру» № 11 қосымша Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 26.10.2022 ж. №190 бұйрығына

Кәсіптік стандарт: «Мал шаруашылығындағы селекциялық қызмет (асыл тұқымдық іс)» Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 26.12.2019 ж. №263 бұйрығына № 25 Қосымша

Сайт НПП Атамекен <http://atameken.kz/>

### 1. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

Білім беру саласының коды және жіктемесі	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар
Даярлау бағыттарының коды және жіктемесі	6B082-Мал шаруашылығы
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	«6B08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы саласында кәсіби дағдылары бар жоғары білікті кадрларды даярлау
БХСЖ деңгейі бойынша	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Кадрларды даярлау бағыты лицензиясы қосымшасының нөмірі	KZ89LAA00031870 05.08.2021 г.
ББ Аккредиттеу Аккредиттеу органының атауы Аккредитацияның қолданылу мерзімі	АРТА Тіркеу нөмірі АВ 3902 KZ89LAA00031870, 22.04.2022ж. - 21.04.2027ж.
Берілетін дәрежесі	«6B08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры
Оқыту нәтижелері	Кесте 2
Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	- ауыл шаруашылығы өндірісінің ғылыми қызметкері; - инженер-зерттеуші (жалпы бейін); - құс өсіруші-технолог; - ауыл шаруашылығы малдарын өсіру жөніндегі маман; - ауыл шаруашылығы малдарын күтіп-бағу және азықтандыру жөніндегі маман; - мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша технолог
Кәсіби қызметінің аймағы	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы бойынша зоотехния, ұйымдастыру-басқару қызметі, ғылыми-зерттеу, білім беру қызметі.
Кәсіби қызметтерінің саласы мен нысандары	- Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік мекемелері, әртүрлі меншік нысанындағы мал шаруашылығы шаруашылықтары, құс фабрикалары, ипподромдар, асыл тұқымды шаруашылықтар мен асыл тұқымды зауыттар, хайуанаттар парктері, ғылыми зертханалар, қорықтар, мал шаруашылығы бағытындағы фирмалар және кәсіптік-техникалық оқу орындары.
Кәсіби қызметтің функциялары	- мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының жоғары сапалы және экологиялық таза өнімдерін өндіру технологиясын ұйымдастыру және басқару; - ауылшаруашылығы малдарының асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жақсарту; - жемшөптің сапасы мен дайындалуын ұйымдастыру, бағалау, ауылшаруашылығы малдары мен құстарын нормаланған азықтандыру; - зоогигиеналық талаптарға сәйкес ауылшаруашылығы малдарын күтіп-бағу технологиясын ұйымдастыру; - ҚР АШМ және БҒМ бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландырудың республикалық нысаналы

	<p>ғылыми бағдарламаларына қатысу;  - ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу;  - мал шаруашылығы өнімдерінің маркетингі және өткізу.</p>
<p>Кәсіби қызмет түрлері</p>	<p><b>1.Бағалау:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мал мен құстың асыл тұқымдылық және өнімділік сапасын жақсарту, асыл тұқымды жас төлді өсіру бойынша селекциялық жұмысты жүзеге асырады;</li> <li>- жемшөпті, жайылымды ұтымды пайдалануды ұйымдастырады;</li> <li>- фермаларда мал өсірудің, азықтандырудың және күтіп-бағудың прогрессивті әдістерін енгізуді қамтамасыз етеді;</li> <li>- ауылшаруашылығы малдарын өсірудің режимін (температура, ауаның ылғалдылығы, газ алмасу және т. б.) анықтайды және оның сақталуын бақылауды жүзеге асырады;</li> <li>- мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын бақылайды, оның нашарлау себептерін зерттейді және оларды жоюға қол жеткізеді;</li> <li>- мал шаруашылығы өнімдерін сату мерзімдері мен кестелерін, малды сату үшін сұрыптау мен бракқа шығуын қадағалайды;</li> <li>- өндірілетін өнімнің МЕСТ талаптарына сәйкестігін айқындайды, оны дайындаушыларға сату кезінде өнімнің сапасын аттестаттауға, ет комбинатында малдарды өлшеуге қатысады;</li> <li>- мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен сатудың экономикалық тиімді технологияларын таңдауды және пайдалануды жүзеге асырады;</li> <li>- мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді жоспарлауды және өндірілетін өнім санын есепке алуды жүзеге асырады;</li> <li>- мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастырады;</li> <li>- өндірістік қызметтің экономикалық тиімділігін бағалауға қатысады;</li> <li>- өндірістік учаскеде қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етеді.</li> </ul> <p><b>2. Құрылымдық:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мал шаруашылығы бойынша тапсырмалардың жобаларын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;</li> <li>- ауылшаруашылығы малдарының өнімділігін арттыру, табынның көбеюін жақсарту және жас малдардың өнімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізу мүмкіндігі;</li> <li>- шабындықтарды, жайылымдарды және басқа да жемшөп алқаптарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыра білу;</li> <li>- технологиялық жабдықты тиімді пайдалану мүмкіндігі;</li> <li>- бақылау сауындарын жүргізуді, малдарды өлшеуді ұйымдастыра білу; табын қозғалысының айналымын жасау;</li> <li>- зоотехникалық құжаттаманы жүргізу қабілеті;</li> <li>- қазіргі заманғы ақпараттық және технологиялық бағдарламаларды пайдалана отырып, мал шаруашылығы бойынша белгіленген есеп жүргізу жүйесінде есепке алуды және жүргізуді ұйымдастыру;</li> <li>- стандарттарға сәйкес өндірілетін өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігі;</li> <li>- ауыл шаруашылығы учаскесі, цех қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептей білу;</li> <li>- өндірістік қызметтің тиімділігін бағалау мүмкіндігі.</li> </ul>

	<p><b>3. Ақпараттық-технологиялық:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мал шаруашылығы бөлімдерінің (ферманың, ауыл шаруашылығы учаскесінің) ұйымдастырушылық-технологиялық басшылығын жүзеге асыру;</li> <li>- мал шаруашылығы бойынша тапсырмалардың жобаларын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;</li> <li>- ғылыми деректер мен озық тәжірибе негізінде асыл тұқымды құрылымды және табынның өсімін молайтуды, малды азықтандыру мен күтіп-бағу жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және жоспарлау;</li> <li>- фермада өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін талдау;</li> <li>- мал шаруашылығы саласындағы маманның көзқарасы бойынша барлық қызметтердің жұмысына бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>- стандарттарға сәйкес өндірілетін өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>- кадрларды таңдау және орналастыруды жүзеге асыру;</li> <li>- кәсіби шеберлікті жетілдіру мақсатында жас мамандарды оқытуды ұйымдастыру;</li> <li>- жоғары тұрған, сыртқы ұйымдармен байланысты жүзеге асыру (жұмыстың жаңа әдістерін, өнім сапасына шағымдарды енгізу мәселелері бойынша);</li> <li>- болашақ табынның сапасын, оның өнімділігін болжау және жоспарлау;</li> <li>- есепке алу құжаттамасын жүргізу, ол бойынша қорытынды жасау және одан әрі жұмысты жоспарлау.</li> </ul>
Дағдысы болу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- халықаралық және отандық стандарттарға сәйкес мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастыру мәселелері бойынша;</li> <li>- ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту бойынша;</li> <li>- еңбекті қорғауды ұйымдастыру, оның кәсіби қызметі саласында өнім өңдеудің компьютерлік әдістері бойынша қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау;</li> <li>- ұжымда және басқа да шаруашылықтағы субъектілерде туындайтын дауларды шешу үшін құқықтық мәселелерде.</li> </ul>

## 2. Оқытудың нәтижелері

Кодтары	Оқытудың нәтижелері
ОН1	Қазақстан тарихы, философия, биофизика және математика туралы білімдері мен түсініктерін көрсету, сондай-ақ гипотезаны тұжырымдау және мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде кәсіби әңгімелер жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, мәдени, моральдық-этикалық аспектілер мен салауатты өмір салты туралы білімдерін түсіндіру.
ОН2	Мал шаруашылығындағы ғылыми зерттеулердің ең заманауи әдістерін таңдау, қоршаған ортаның физикалық сипаттамаларын жасау, тіршілік қауіпсіздігі құралдары мен жүйелерін дәлелдеу, қаржылық сауаттылық принциптерін түсіну, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен кәсіпкерлік саласының даму тенденцияларын қолдау, зерттелетін салада компьютерлік ғылымдарды қолдану.
ОН3	Ауыл шаруашылығы малдары дара дамуының биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру, сондай-ақ мал шаруашылығы саласындағы морфологиялық, физиологиялық, биохимиялық, микробиологиялық, зоологиялық және экологиялық міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану.
ОН4	Агробизнесті ұйымдастыру кезіндегі кәсіби міндеттерді шешуде теориялық және практикалық білімді қолдану, зоогигиеналық талаптарды білу мен түсінуді көрсету, ветеринариялық істің, механикаландыру процестерінің, ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының биотехнологиясының міндеттерін шешу.
ОН5	Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарын өсіру, азықтандыру, жемшөптің берік қорын құру, сондай-ақ стандарттау және сертификаттау үшін мал шаруашылығы өнімдерін ұсыну кезінде білімді кәсіби деңгейде қолдану.
ОН6	Өнімділік пен асыл тұқымдық қасиеттерді арттыру, сондай-ақ еліміздің әртүрлі өңірлерінде түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындарда өсірілетін ауыл шаруашылығы малдарының және құстарының өсімін молайтуды жақсарту жөніндегі ғылыми негізделген жұмысты орындау үшін оқыту дағдыларына ие болу.
ОН7	Зерттеудің генетикалық әдістерін, белгілердің өзгергіштігі мен тұқым қуалаушылық заңдылықтарын білу мен түсінуді қолдану, ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың шаруашылыққа пайдалы селекцияланатын белгілерін биометриялық өңдеуге талдау жасау, сондай-ақ одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын қолдану
ОН8	Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасына сараптама жүргізу кезінде білімдерін көрсету және технологиялық процестерді цифрландыруды ұсыну, мал шикізатын бастапқы өңдеудің жаңа технологияларын саралау, асыл тұқымды малдардың экспорты мен импортын жүзеге асыруға қатысты міндеттерді кәсіби деңгейде шешу.

## 2. Білім беру бағдарламасының мазмұны

№	МК/ЖК/ТК	Пәндер коды	Құзыреттілікті қалыптастыратын пәннің атауы	академиялық кредиттерде	Сағат көлемі						Курстар мен семестрлер бойынша кредиттерді бөлу								Кафедра <sup>1</sup>	Бақылау нысаны	Бекзту						
					академиялық сағаттарда	Аудиториялық				Аудитори ядан тыс		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс									
						Дерістер	Практикалық сабақтар	Зертханалық сабақтар	Басқа (практика)	СРОП	СРО	1	2	3	4	5	6	7				8					
	<b>ЖБ П</b>		<b>Жалпы білім беретін пәндер циклі /Цикл общеобразовательные дисциплины/ General education subjects cycle</b>	<b>56</b>	<b>1680</b>	<b>75</b>	<b>585</b>	-		<b>300</b>	<b>720</b>																
1	МК	КТМ/КГ/НОКС 1101	Қазақстан тарихы /История Казахстана/ History of Kazakhstan	5	150	15	30			30	75	5									22	Мемлекеттік емтихан	1				
2	МК	Fil/Phi 2102	Философия/ Philosophy	5	150	15	30			30	75			5							22	емтихан	1				
3	МК	SHT/IYa/FL 1107. 1119	Шетел тілі /Иностранный язык/ Foreign language	10	300		90			60	150	5	5								22	емтихан	1				
4	МК	КОТ/КRY a/KRL 1108. 1120	Қазақ (Орыс) тілі / Казахский (Русский) язык/ Kazakh (Russian) language	10	300		90			60	150	5	5								22	емтихан	1				
5	МК	АКТ/КТ/І АСТ 2109	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар / Информационно-коммуникационные технологии / Information and Communication Technologies	5	150	15	30			30	75			5							21	емтихан	2				
6	МК	ASBMAS MP/MSPZ SPKP/SAP KMSSSCS P 1110	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдинеттану, психология) / Модуль социально-политических знаний (социология, политология, культурология, психология)/ Social and political knowledge module	8	240	15	45			60	120	8									29	емтихан	1				







		<i>сапасы</i>																		
22	ЖК	MOSS/ SSPZh/ SACOLP 3235	Мал шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау/ Стандартизация и сертификация продукции животноводства/ Standardization and certification of livestock products	5	150	15	30		30	75					5			16	емтихан	5
23	ТК	MSHAOTS/ ETPOZhS/ EATOPPOA RM 4310	Мал шикізатын алғашқы өңдеу технологиясы және сараптамасы / Экспертиза и технология первичной обработки животного сырья/ Expertise and technology of primary processing of animal raw materials	6	180	15	15	30	30	90					6		16	емтихан	8	
		ATMEI/ EIPZhPZh/ EAIOBA 4310	Асыл тұқымды малдардың экспорты мен импорты/ Экспорт, импорт племенных животных и продукции животноводства/ Export and import of breeding animals																8	
		<b>Модуль 6 – Малдардың ал-ауқаты</b>		10	300	30	30	30	0	60	150									
24	ТК	VN/ OV/ BOVM 3243	Ветеринария негіздері/ Основы ветеринарии/ Basics of Veterinary Medicine	5	150	15	15	15	30	75				5			24	емтихан	4	
		Mik/ Mic 3244	Микробиология/ Microbiology																3	
25	ТК	VR 3245	Ветеринарлық репродуктология/ Ветеринарная репродуктология/ Veterinary Reproductology	5	150	15	15	15	30	75				5			4	емтихан	4	
		VA/ VO 3249	Ветеринарлық акушерлік/ Ветеринарное акушерство/ Veterinary Obstetrics																4	
		<b>Модуль 7 – Жануарлар туралы ғылым</b>		31	930	75	105	60	50	150	490									
26	ЖК	MA/ KSZh/ FFA 3249. 3250	Мал азықтандыру 1, 2/ Кормление сельскохозяйственных животных 1,2/ Feeding of farm animals 1,2	10	300	30	30	30		60	150				5	5		16	емтихан	5, 6
27	БК	ASHMOS/	Ауыл шаруашылығы	10	300	30	30	30		60	150				5	5		16	емтихан	5

		RSSZh/ CASOAA 3251. 3252	малдарын өсіру және селекциясы 1,2/ Разведение и селекция сельскохозяйственных животных 1,2/ Breeding and selection of farm animals 1,2																	
	ЖК	OP/ PP/ PP 3309	Өндірістік практика / 2Производственная практика 2/ Production practice 2	5	150			50		100					5		16	Диф. зачет		
28	ТК	AU/ OA/ AO 3255	Агробизнесі ұйымдастыру/ Организация агробизнеса/ Organization of agribusiness	6	180	15	45			30	90				6		14		4	
		АЕ 3256	Аграрлық экономика/ Аграрная экономика/ Agricultural economy																	
		<b>Кәсіптік пәндер циклі</b>		<b>51</b>	<b>1530</b>	<b>120</b>	<b>135</b>	<b>195</b>	<b>50</b>	<b>240</b>	<b>790</b>									
		<b>Модуль 8 – Мал шаруашылығындағы инновациялар</b>		10	300	30	45	15	0	60	150									
29	ТК	ZhB/ BZh/ AB 3311	Жануарлар биотехнологиясы/ Биотехнология животных/ Animal Biotechnology	5	150	15	15	15		30	75				5		16	емтихан	4	
		KB/ CB 3312	Клеткалық биотехнология/ Клеточная биотехнология/ Cellular biotechnology																	
30	ТК	MSHC/ CZh/ DIAH 4313	Мал шаруашылығындағы цифрландыру/ Цифровизация в животноводстве/ Digitalization in animal husbandry	5	150	15	30			30	75					5	16	емтихан	8	
		MSHAZhU/ OPRZh/ OOWIAH 4314	Мал шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру/ Организация племенной работы в животноводстве/ Organization of breeding work in animal husbandry																	
		<b>Модуль 9 – Ірі мал шаруашылығы</b>		18	540	45	45	90	-	90	270									
31	ЖК	IKMSH/ Sko/ CB 4303	Ірі қара мал шаруашылығы/ Скотоводство/ Cattle breeding	6	180	15	15	30		30	90					6	16	емтихан	6, 7	
32	ЖК	ZhSH/ Kon/ HB 4307	Жылқы шаруашылығы/ Коневодство/ Horse breeding	6	180	15	15	30		30	90				6		16	емтихан	6, 7	
33	ЖК	TSH/ Ver/	Түйе шаруашылығы	6	180	15	15	30		30	90					6	16	емтихан	6,	

		CB 4308	Верблюдоводство/ Camel breeding																	7	
		<b>Модуль 10 – Ұсақ мал шаруашылығы</b>		23	690	45	45	90	50	90	370										
34	ЖК	KESH/ OK/ SAGF 4304	Қой және ешкі шаруашылығы/ Овцеводство и козоводство/ Sheep and goat farming	6	180	15	15	30		30	90						6		16	емтихан	6, 7
35	ЖК	SHSH/ Svi/ PB 4305	Шошқа шаруашылығы/ Свиноводство/ Pig breeding	6	180	15	15	30		30	90						6		16	емтихан	6, 7
36	ЖК	KSH/ Pti/ PF 4306	Құс шаруашылығы/ Птицеводство/ Poultry farming	6	180	15	15	30		30	90						6		16	емтихан	6, 7
	ЖК	KP/ PP/ PP 4315	Кәсіби практика/ Профессиональная практика/ Professional practice	5	150				50		100							5	16	Диф. зачет	
			<b>Қорытынды аттестация/ Итоговая аттестация/ Final assessment</b>	<b>8</b>	<b>240</b>				<b>80</b>		<b>160</b>										
			Қорытынды аттестация/ Итоговая аттестация/ Final assessment	8	240				80		160							8	16		
			<b>Барлық кредиттер/ Всего кредитов / Total credits</b>	<b>242</b>	<b>7260</b>	<b>525</b>	<b>1185</b>	<b>465</b>	<b>250</b>	<b>1200</b>	<b>3635</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>32</b>	<b>28</b>	<b>31</b>	<b>31</b>	<b>30</b>	<b>30</b>		

**Ескерту**

<b>Кафедра номері</b>	<b>Кафедралар атауы</b>
1	Агрономия, селекция және биотехнология
2	Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин
3	Топырақтану, агрохимия және экология
4	Акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнологиясы
5	Биологиялық қауіпсіздік
6	Клиникалық ветеринариялық медицина
7	Микробиология, вирусология және иммунология
8	Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена
9	Н.У. Базанова атындағы «Физиология, морфология және биохимия»
10	Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы
11	Жер ресурстары және кадастр
12	Су ресурстары және мелиорация
13	Есеп, аудит және қаржы
14	Х.Д. Чурин атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру»
15	Құқық
16	Зооинженерия
17	Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі
18	Аграрлық техника және механикалық инженерия
19	И.В. Сахаров атындағы «Машина пайдалану»
20	Энергия үнемдеу және автоматика
21	IT-технологиялар және автоматтандыру
22	Жалпы білім беру пәндері
23	Дене тәрбиесі және спорт
24	Әскери кафедра

### 3. Модульдердің құзіреттілік картасы

Код-тар	Жалпы білім беретін құзыреттіліктер	Оқу нәтижелері
<b>ҚК1</b>	Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруда, салауатты өмір салтын сақтауда, өзін-өзі жетілдіру мен кәсіби табысқа бағыттауда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымын қалыптастырады	1) философия негіздерін білумен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындықты бағалау, табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми және философиялық Таным әдістерімен ғылыми түсінуді және зерттеуді қамтамасыз ететін; 2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіру; 3) Әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық нәрсеге өз бағасын дәлелдеуге; 4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтары мен ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымды көрсетуге міндетті;
<b>ҚК 2</b>	Болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру негізінде оның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттер жүйесін қалыптастырады;	5) Қазақстанның қазіргі заманғы тарихындағы оқиғалардың себептері мен салдарын талдау үшін тарихи сипаттаудың әдістері мен тәсілдерін пайдалануға; 6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттанушылар мен психологияның базалық білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіптік коммуникацияның әртүрлі салаларындағы жағдайларға баға беруге; 7) экономикалық және құқықтық ғылымдар деректерін интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде синтездеу;
<b>ҚК 3</b>	Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады;	8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін пайдалануға; 9) өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын пысықтауға; 10) қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істеуге;
<b>ҚК 4</b>	Өз өмірі мен қызметінің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;	11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсету; 12) әлемдік танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолдануға; 13) әдіснама мен талдауды таңдауды жүзеге асыру; 14) зерттеу нәтижелерін қорытындылау; 15) жаңа білімді синтездеуге және оны гуманитарлық қоғамдық маңызы бар өнім түрінде ұсынуға;
<b>ҚК5</b>	Қоғамдағы экономикалық, құқықтық заңдар мен құбылыстар туралы білімдерін кәсіби деңгейде көрсетеді, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысы мен кәсіпкерлік бойынша тәжірибе жинақтауда құзыретті болуға тиіс;	16) тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түсуге; 17) грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыруға; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдауға; 18) коммуникацияға қатысушылардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бағалау.
<b>ҚК6</b>	Қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаларды қалыптастырады.	19) жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі интернет-ресурстарды, бұлтты және мобильді сервистерді пайдалануға; 20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құруға, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарлануға міндетті.

Код-тар	Базалық құзіреттіліктер	Оқу нәтижелері
КК 7	<p><b>Модуль 1. Мал шаруашылығын дамыту және басқару</b></p> <p>Қаржылық және математикалық сауаттылық негіздері туралы білімді көрсетеді, биофизикалық және биологиялық құбылыстар туралы білімді кәсіби деңгейде қолданады, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен салаларында құзыретті болады.</p>	<p>- әлемде және Қазақстанда мал шаруашылығының даму үрдістері мен перспективалары туралы тұтас түсінікке ие болу.</p> <p>- қаржылық есептілік деректері негізінде кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын, өтімділігін, төлем қабілеттілігін, шығын сыйымдылығын, кірістілігін бағалауды жүргізу;</p> <p>- белгілі бір ғылымды зерттеудің математикалық, биофизикалық әдістері мен әдістерін қолдану;</p> <p>- ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының даму заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін есепке алу білімін пайдалану қабілеті;</p> <p>- қаржы нарықтары мен институттарының рөлін ескере отырып, инвестициялық жобаларды бағалау, қаржылық жоспарлау және болжау дағдыларын меңгеру;</p>
КК 8	<p><b>Модуль 2. Өмір туралы ғылым</b></p> <p>Әртүрлі ауылшаруашылық жануарларының тірі организмнің биологиялық, зоологиялық, морфологиялық, физиологиялық ерекшеліктері мен биохимиялық қасиеттерін зерттейді теориялық білімді қолданады, дәлелдер келтіреді және мал шаруашылығы саласындағы мәселелерді шешеді</p>	<p>- жемшөп дақылдарының ботаникалық сипаттамаларын ескере отырып, жоғары және тұрақты өнім алу туралы білім мен түсінікті көрсету, сондай-ақ оларды қалыптасқан құзыреттерге сәйкес мал шаруашылығының жоғары тиімді жемшөп базасын қалыптастыруға қол жеткізуге бағытталған егіншілікте де, табиғи және егістік шабындықтар мен жайылымдарда да ұтымды пайдалану.</p> <p>- организмдерде болатын химиялық өзгерістердің мәнін, оларды реттеу механизмдерін және олардың ағзаның тіршілік әрекетін қамтамасыз етудегі рөлін білу;</p> <p>- барлық органдар мен жүйелердің қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін жануар ағзасының құрылымы мен өмірлік функциялары туралы білім алу.</p> <p>- зертханалық, функционалдық физиологиялық және морфологиялық зерттеу әдістері негізінде әртүрлі органдар мен жүйелердің жұмыс көрсеткіштерін түсіндіру.</p>
КК 9	<p><b>Модуль 3. Генетикалық әлеуеттерді басқару</b></p> <p>Шаруашылық-пайдалы белгілердің тұқымқуалаушылығы мен өзгергіштігі, мал шаруашылығы саласындағы материалдарды жинау, талдау және түсіндіру әдістерін қолдану мәселелерінде білімдерін көрсетеді</p>	<p>- жануарлардың белгілері мен түрлерінің тұқым қуалаушылық түрлерін, генетикалық аурулардың табиғатын және жалпы генетикалық сұрақтарды, бастапқы деректерді топтастыру әдістерін және биометриялық көрсеткіштер топтарын білу;</p> <p>- жануарлардың кариотиптерін ашу және сипаттау, Жануарлар тобындағы геннің жиілігін анықтау, таңдалған мамандыққа байланысты математика әдістерімен есептелген биометриялық көрсеткіштерді талдау;</p> <p>- ғылыми талдау немесе зерттеу үшін алынған белгілерді статистикалық өңдеуді жүргізу.</p>
КК 10	<p><b>Модуль 4. Малдың денсаулығын қорғау және мал шаруашылығын автоматтандыру туралы ғылым</b></p> <p>Мал шаруашылығында зоогигиена,</p>	<p>- мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің прогрессивті технологияларын қолдану;</p> <p>- фермалар мен кешендердегі технологиялық процестерді кешенді механикаландыру және автоматтандыру үшін жоғары тиімді машиналар мен жабдықтарды пайдалану;</p> <p>- фермалар мен кешендердің технологиялық</p>



	механикаландыру және автоматтандыру мәселелерінде түсінік қалыптастырады, ауыл шаруашылығы малдары мен құстарын күтіп-бағуда гигиеналық талаптарын сақтауда теориялық және практикалық білімді қолданады	жабдықтарын пайдалану және жобалау ережелерін меңгеру; - ветеринария мен мал шаруашылығындағы зоогигиенаның маңыздылығын білу; - зерттелетін салада ауа ортасына, суға, жемге қойылатын гигиеналық талаптарды орындау, қоралар мен жайылымдарда күтіп-бағуды ұйымдастыру кезінде білімдері мен түсініктерін көрсету;
<b>КК 11</b>	<b>Модуль 5. Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы</b> Халықаралық стандарттар мен ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес мал шаруашылығы өнімдері мен шикізатын стандарттау, сертификаттау, сараптау, экспорттау және импорттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге ықпал етеді	-әдістемелік материалдарды, стандарттарды әзірлеу технологиясын, нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын, стандарттарды әзірлеу қағидаларын сақтауды мемлекеттік қадағалау жүйесін, стандарттау, сертификаттау бойынша өзгерістер мен күшін жоюды қолдану - мал шаруашылығы шикізатына сараптама жүргізу ережелері мен тәртібін және олардың техникалық регламенттерге сәйкестігін білу. - малды экспорттау мен импорттаудың технологиялық процесін меңгеру, алған білімдерін өнімді өткізу және логистика бойынша жұмыстарды жоспарлау және жүргізу үшін қолдану.
<b>КК 12</b>	<b>Модуль 6. Малдардың әл-ауқаты</b> Ветеринариялық, акушерлік және гинекология саласындағы кәсіби сипаттағы міндеттерді меңгереді және шешеді	- жануарлар ауруларын тудыратын сыртқы және ішкі себептерді көрсету; жануарлар ауруларының негізгі белгілері және алдын алу әдістері, ауру жануарға алғашқы көмек көрсету; науқас үшін оңтайлы жағдай жасау; - қарапайым диагностикалық, хирургиялық және терапиялық әдістерді қолдану; жануарлардың жұқпалы, жұқпалы емес және паразиттік аурулары кезіндегі емдеу және алдын алу шараларын қолдану; - жануарлардың денсаулығын сақтау бойынша жалпы профилактикалық іс-шарада білімдерін көрсету; - ұрғашы және еркек жыныс аппараттарының физиологиялық ерекшеліктерін, ұрықтандыру уақыты мен жиілігін, буаздылықтың, туудың және туғаннан кейінгі кезеңнің барысын, бедеуліктің пайда болу себептерін, қолдан ұрықтандыру және эмбриондарды трансплантациялау технологиясын байқау.
<b>КК 13</b>	<b>Модуль 7. Жануарлар туралы ғылым</b> Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарын ұтымды азықтандырудың технологиялық тәсілдерін әзірлеу, мал өсіру және селекциялау әдістерін игеруге ықпал етеді.	- ауыл шаруашылығы малдары мен құстарын өсіру және селекциялау саласында олардың өнімділігін арттыруды қамтамасыз ететін білімге ие болу, -ауыл шаруашылығы малдарының шығу тегін, малардың әртүрлі тұқымдарының шаруашылық-биологиялық ерекшеліктерін; өнімділігі мен оларды бағалау әдістерін; өндірістің заманауи технологияларын және агроөнеркәсіптік кешені жүйесіндегі салалардың маңызын білу. - маларды сұрыптау әдістерін, экстерьерлік және интерьерлік бағалау әдістерін меңгеру; табынды сұрыптау мен жұп таңдау жоспарын, табынның генеалогиялық құрылымын жасау; будандастырылған малдардың тұқымын анықтау; мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы. - елдің климаттық аймақтарына және маларды

		<p>пайдалану технологиясына байланысты малдар мен құстарға арналған рациондарды әзірлеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жемшөп сапасын бағалау және жемшөп базасын жақсарту бойынша білімді пайдалану.</li> <li>- алынған білім негізінде технологиялық шешімдер қабылдауды қисынды және дәйекті негіздей білу; жалпы және жеке зоотехника әдістерін қолдану</li> </ul>
<b>КК 14</b>	<p><b>Модуль 8. Мал шаруашылығындағы инновациялар</b></p> <p>Мал Биотехнология, геномдық селекция саласындағы білімдерін көрсетеді, мал шаруашылығында инновациялар мен цифрландыру элементтерін қолданады</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- малдардан алынатын азық-түлікті биотехнологиялық жолмен алу дағдыларын меңгеру және эмбриоинженерлік манипуляциялар жүргізу;</li> <li>- жануарлардың соматикалық және жыныс жасушаларының генетикалық трансформациясының негіздері туралы білімді пайдалану және мал жасушаларының культурасын ғылыми және практикалық мақсаттарда пайдалану</li> <li>- кәсіби салада инновациялық технологиялар мен заманауи цифрландыру бағдарламаларын қолдану.</li> <li>- мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде дәлелдерді тұжырымдау және ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігін арттыру мәселелерін шешу.</li> </ul>
<b>КК 15</b>	<p><b>Модуль 9. Ірі мал шаруашылығы</b></p> <p>Ірі қара малдарын, жылқы мен түйені азықтандыру, күтіп-бағу және өсіру мәселелері бойынша білімі бар жоғары мамандандырылған мамандар даярлау</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- саланың негізгі бағыттарын, тұқымдарын, жылқылардың, түйелер мен ірі қара малдардың сыртқы және конституциялық ерекшеліктері мен түрлерін, тұқымдардың құрылымын, өнімділіктің негізгі белгілері мен көрсеткіштерін білу</li> <li>- жылқы шаруашылығында, түйе шаруашылығында және ірі қара мал шаруашылығында жас төлдерді өсіру технологиясын, табынды жылқы шаруашылығын өсірудің заманауи технологиясын, ірі қара малды байлап және байламай ұстауды, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы және ірі қара мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің отандық және шетелдік технологиясының озық тәжірибесін қолдану</li> <li>- өнімділік бағытына, өнімді қалыптастыру, сатуды есепке алу мәселелеріне байланысты тұқым стандарттарын әзірлеу.</li> </ul>
<b>КК 16</b>	<p><b>Модуль 10. Ұсақ мал шаруашылығы</b></p> <p>Ұсақ мал шаруашылығының өндірістік қызметінде кәсіби сипаттағы міндеттерді шеше алады</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қой, ешкі, шошқа және құс шаруашылығы салаларының негізгі бағыттарын, тұқымдарын, түрлерін және оларды аудандастыруды, сыртқы тұлғасын және конституциялық ерекшеліктерін, селекциялық белгілері мен өнімділік көрсеткіштерін сипаттау;</li> <li>- асыл тұқымдық және селекциялық-асылдандыру жұмыстарының әдістерін, жас төлді өсіру технологиясын әзірлеу, жоғары сапалы өнім өндірудің, жұмыртқа мен құс етін өндірудің ұтымды технологиясын әзірлеу және енгізу, жұмыртқа мен құс етін өндіру кезінде ата-аналық табынның тауық басын есептеуді жүргізу.</li> <li>- қой қырку технологиясы, жүнді класстау, түбіт жүнді сипаттау, қой мен ешкі терісін алу ережесі, консервілеу әдістері, қой мен ешкіні тудыруды, ешкілерді және қойларды ұрықтандыруды ұйымдастыру, жұмыртқаны жұмыртқа ұнтағына өңдеу, сондай-ақ құс етін өңдеу технологиясын меңгеру.</li> </ul>

**6. Жиынтық кесте игерілген кредиттердің көлемін көрсететін білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде:  
Модульдер саны-10**

Оқу курсы	Семестр	Оқытылатын пәндер саны			Академиялық кредиттер саны						Барлығы академиялық сағаттар	Оқылудың қосымша түрлері (ҚҚТ) әскери дайындық	Саны	
		МК	ЖК	ТК	Теориялық оқыту	Оқу практикасы	Өндірістік тәжірибесі	Диплом алды практикасы	Қорытынды аттестациялау	Барлығы			Емтихан	Диф. сынақ
I	1	5	1	-	30					30	900		6	
	2	3	3	-	28	2				30	900		5	1
II	3	3	3	1	32					32	960		7	
	4	1	4	-	23		5			28	840		5	1
III	5	-	4	2	31					31	930		6	
	6	-	3	2	26		5			31	930		5	1
IV	7	-	4	1	30					30	900		5	
	8	-	2	1	17			5	8	30	900		3	1
<b>Барлығы</b>		<b>12</b>	<b>24</b>	<b>7</b>	<b>215</b>	<b>2</b>	<b>10</b>	<b>5</b>	<b>8</b>	<b>242</b>	<b>7260</b>		<b>42</b>	<b>4</b>

## Пәндер туралы ақпарат

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит тер саны	Құзыреттілікті қалыптастыру ы (кодтар)
<b>Жалпы білім беру пәндерінің циклы ЖОО компоненті / Таңдау бойынша компонент</b>				
1	Қазақстан тарихы	Курсты оқу студенттерде қазақ халқының этногенезі проблемаларын тұтас және объективті жариялауға негізделген Қазақстан тарихы тұжырымдамасын қалыптастыруға, Ұлы дала аумағындағы мемлекеттілік пен өркениет нысандарының эволюциясы және ең маңызды тарихи фактілер мен оқиғалардың жиынтығы туралы ойды қалыптастыруға бағытталған.	5	ҚК 1
2	Философия	Курс студенттерде философия туралы түсініктерді әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен әдістері, сонымен қатар өзін-өзі талдау және адамгершілік өзін-өзі реттеу дағдылары, ғылыми-зерттеу қабілеттерін дамыту және зияткерлік және шығармашылық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған. Ұлттық бірегейлікті сақтау проблемаларына, әділеттілік, қадір-қасиет және Бостандық сияқты негізгі дүниетанымдық ұғымдарды игеруге ерекше көңіл бөлінеді.	5	ҚК 2
3	Шетел тілі	Шет тілін оқыту оның құрамдас бөліктерінің жиынтығында шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға міндеттер қояды: сөйлеу құзыреттілігі-сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрінде коммуникативтік біліктерді дамыту; тілдік құзыреттілік-жаңа тілдік құралдарды меңгеру (фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық; әлеуметтік-мәдени құзыреттілік-өз елін, оның мәдениетін білдіру қабілетін қалыптастыру.	10	ҚК 3
4	Қазақ (Орыс) тілі	Пән үштілділіктің мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру және ұлттық сананы рухани жаңғырту контекстінде тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіби, мәдениетаралық қарым-қатынас салаларында орыс тілінде когнитивті және коммуникативтік қызметті жүзеге	10	ҚК 3

		асыруға қабілетті білім алушының тілдік тұлғасын дамытуға арналған. Пән деңгейлік дайындыққа сәйкес сөйлеу әрекетінің түрлерін сәтті игеруді қамтиды.		
5	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пән процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, цифрлық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру тәсілдерін сыни бағалау және талдау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Оқыту нәтижесінде білім алушылардың компьютерлік жүйелер, операциялық жүйелер мен желілер архитектурасының тұжырымдамалық негіздерін игеруі, желілік және веб қосымшаларды әзірлеу тұжырымдамалары, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары туралы білімдерін қалыптастыру көзделеді.	5	ҚК 4
6	<b>Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)</b>			
	Әлеуметтану	Пән қоғамды оның құрылымы мен құрас бөлігі дамуының ішкі тетіктерін (құрылымдық элементтер: әлеуметтік қауымдастықтар, институттар, ұйымдар мен топтар) ашу арқылы зерттейді; адамдардың әлеуметтік әрекеттері мен жаппай мінез-құлқының заңдылықтары, сондай-ақ жеке тұлға мен қоғам арасындағы қатынастар әлеуметтану әлеуметтік құбылыстарды түсіндіреді, олар туралы ақпаратты жинайды және жинақтайды.	2	ҚК 5
	Саясаттану	Пәнді игерудің мақсаты болашақ маманға әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру және саяси мәдениетті қалыптастыру. Студенттердің қоғам мүддесі үшін қызмет етуге, жеке жауапкершілікті қалыптастыруға және жеке табысқа қол жеткізуге қажетті саяси-құқықтық, адамгершілік-этикалық және әлеуметтік-мәдени нормаларды меңгеруге көмектесу.	2	ҚК 6
	Мәдениеттану	Мәдениет құбылысын түсіну үшін әртүрлі нұсқаларды ұсынатын ғалымдардың еңбектерінде табылған мәдениет, оның тарихы, мәні, жұмыс істеуі мен дамуы туралы үйретулер. Бұдан басқа, мәдениет танулық зерттеулер мәдениет мекемелерінің жүйесін зерттеумен айналысады, оның көмегімен	2	ҚК 2

		адамның тәрбиесі мен білімін жүзеге асырады және мәдени мәліметтерді шығарады, сақтайды және таратады.		
	Психология	Психология - бұл адамның психикасының жұмыс істеу тетіктерін зерттеу мақсаты. Ол әртүрлі жағдайларда адамдар мінез-құлқының үлгісін, нәтижесінде ой, сезім мен тәжірибені зерттейді. Психология - өзімізді тереңірек білуге, проблемаларымызды және олардың себептерін түсінуге, әлсіз жақтарымызды және күш-жігерімізді тануға көмектесетін нәрсе. Оның зерттеу адамның моральдық сипаты мен адамгершілігінің дамуына ықпал етеді.	2	ҚК 5
7	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	Пәннің мақсаты Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, студенттердің әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық, құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар аясындағы құқықтық сауаттылықты арттыруға және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын, мінез – құлықтарының стандартын, сыбайлас жемқорлықтың кез – келген көріністеріне қырын қарауды қалыптастыру.	5	ҚК 7 (ОН 1)
	Экономика	«Экономика» пәні жеке адамдардың, жекелеген кәсіпорындардың және мемлекеттің экономикалық қызметі жүзеге асырылатын қоғамның экономикалық өмірі туралы негізгі білімді меңгеруге бағытталған. Пән студенттердің экономикалық ой-өрісін дамытуға және шектеулі табиғи ресурстар жағдайында ұтымды шешім қабылдауға, ықпал етеді. Пән экономиканың жұмыс істеуі туралы алған білімдерін мамандық таңдауда және одан әрі білім алуда бағдарлау үшін пайдалануға дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.	5	ҚК 7 (ОН 1)
	Экология	Пән экологияның ғылым ретінде қалыптасу тарихын оқытады, экологиялық популяция және оның құрылымы, организмдер және	5	ҚК 7 (ОН 3)

	олардың тіршілігімен таныстырады. Экожүйе, экожүйедегі заттар мен энергия айналымын, тұрақты даму тұжырымдамасын меңгертеді. Ресурсты үнемдеу қабілетін, өмірлік айналым түрлерінің және өзара биологиялық ықпал етуді қалыптастырады.		
Тіршілік қауіпсіздігі	Табиғи, техногендік, экологиялық және даулы сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі төнген және туындаған жағдайда шаруашылық жүргізу объектілерінде адамдардың өмірін сақтауға және объект жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған басшылық пен қызметкерлердің іс-әрекеттерін анықтайды. Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын алу және жою мүмкіндіктерін зерделейді.		ҚК 5 (ОН 2)
Кәсіпкерлік	«Кәсіпкерлік» пәні кез-келген кәсіпкердің өмірінде пайдалы болатын дұрыс құзыреттерді оқытуға және дамытуға, өз жобасы үшін дұрыс команда құру туралы идеяны қалыптастыруға, нарықтың қажеттіліктерін ескере отырып, бизнес-идеяны таңдауға және дамытуға бағытталған. Пән кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға, бизнес-модель әзірлеуге, бизнес-жоспар құруға, өз бизнесін қамтуға және дамытуға, мемлекеттік және жеке құрылымдармен өзара іс-қимылға ықпал етеді.	5	ҚК 5 (ОН 2)
Ғылыми зерттеулердің негіздері	Курс бағдарламасы студенттердің ғылыми зерттеу әдістемесі туралы, шаруашылық және зертхана жағдайында эксперименттік тәжірибелерді қою және жүргізу туралы, алынған зерттеу нәтижелеріне талдау жүргізу туралы; бастапқы журналдармен жұмыс; ғылыми мақала, рефераттар, дипломдық жұмыс жазу, көпшілік алдында баяндама жасау және дипломдық жұмысты қорғау дағдыларын игеруге бағытталған.	5	ҚК 5 (ОН 2)

	Қаржылық сауаттылық	"Қаржылық сауаттылық" курсы білім алушыларға нарықтағы жағдайды дұрыс бағалауға және нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін қаржы саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастырады. Негізгі қаржылық ұғымдарды білу және оларды іс жүзінде қолдана білу адамға өз қаражатын дұрыс басқаруға мүмкіндік береді. Яғни, ол кірістер мен шығыстардың есебін жүргізуді, артық қарыздардан аулақ болуды, жеке бюджетті жоспарлауды, үнемдеуді, қаржы институттары ұсынатын өнімдерді таңдау негізінде пайдалануды, жинақтаушы және сақтандыру құралдарын пайдалануды үйретеді.	5	КК 7 (ОН 2)
8	Дене тәрбиесі	Тәрбие адам денсаулығына, салауатты өмір салты, оның негізгі компоненттері, физикалық және психикалық қызметке бейімделудің элеуметтік-биологиялық негіздері, дербес дене шынықтыруға және спортқа, жас физиологиясына, өзін-өзі бақылауға дайындықтың бірқатар мәселелерін қамтиды. физикалық жағдайы, дене шынықтыру мен спорттың психофизикалық негіздері, гигиена.	8	КК 1 (ОН 1)
<b>Базалық пәндер циклы ЖОО компоненті</b>				
<b><i>Модуль 1. Мал шаруашылығын дамыту және басқару</i></b>				
9	Физика биофизика негіздерімен	«Физика биофизика негіздерімен» пәні студенттерге биологиялық заңдар мен заңдылықтардың физикалық негіздерін түсінуге және оларды ветеринарияда, биотехнологияда, агрономияда және экологияда қолдануға бағытталған іргелі физикалық заңдар туралы білім алуға мүмкіндік береді. Классикалық және қазіргі физика мен биофизиканың негізгі заңдылықтары туралы түсініктерді қалыптастыруға және оларды кәсіби қызметте, сондай-ақ өлшеу мен зерттеудің физикалық әдістерінде қолдануға дағдыландырады.	5	КК 7 (ОН 1)
10	Компьютерлік ғылым	Бұл пәннің мақсаты студенттерді АӨК мәселелерін шешуде деректерді талдау және визуализациялау, таңдалған қызмет саласындағы ақпараттық ресурстарды тиімді басқару мақсатында қазіргі Python тілінде	5	КК 7 (ОН 2)



		бағдарламалаудың практикалық дағдылары мен тәжірибесін алу үшін заманауи компьютерлік технологияларды қолдану саласында дайындау болып табылады.		
	Дара даму биологиясы	«Дара даму биологиясы» курсы білім алушыларға онтогенездің алғашқы кезеңдерінде эмбрион организмінің дәйекті морфологиялық өзгерістерін, онтогенездің негізгі заңдылықтарын игеруге мүмкіндік беретін даму биологиясы саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастырады. Студенттер қоршаған орта факторларының жеке дамуға, гаметогенездің кезеңдері мен ерекшеліктеріне, жыныстық циклдарға және олардың гормоналды бақылауына, қолдан ұрықтандыруға және оны практикалық селекцияда қолдануға әсер ету сипатын зерттейді.	6	ҚК 7 (ОН 3)
12	Математика	Математика курсы математикалық білімнің негізі болып табылады және мынадай бөлімдерді қамтиды: сызықтық және векторлық алгебра, аналитикалық геометрия, математикалық талдау, дифференциалдық теңдеулер, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. Математиканың теориялық негіздерін және практикалық есептерді шешуде практикалық дағдыларын игеру негізгі және бейіндік пәндерді кейіннен зерделеу және математикалық әдістерді қолдану үшін қажетті болып табылады.	5	ҚК 7 (ОН 1)
<b>Модуль 2 – Өмір туралы ғылым</b>				
13	Ботаника мал азығын өндіру негіздерімен	Ботаника - өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың тіршілігін оның барлық көріністерінде зерттейтін пәндер кешен: жасушалық бірліктерден биосфераға дейін, биологияның теориялық аспектілеріне, оның қолданбалы бағыттарына және толыққанды биологиялық білімге қатысты. Курсты бітірген студент өсімдіктер әлемінің биоалуантүрлілігі саласындағы негізгі ұғымдарды, ботаникалық нысандарды бақылау тәсілдерін, сипаттау және	6	ҚК 8 (ОН 5)

		сәйкестендіру әдістерін, азықты жинау және сақтау технологияларын меңгереді.		
14	Биохимия	«Биохимия» пәні студенттің негізгі білімін, тірі ағзаны құрайтын молекулалардың құрылымы мен химиялық қасиеттері, ондағы метаболизм процестерінің заңдылықтары, сондай-ақ жануарлардың тіршілік әрекетін реттеудің әртүрлі механизмдері мен ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыруға, арнайы пәндерді кейіннен зерделеу үшін теориялық негізді қалыптастыруға арналған.	5	ҚК 8 (ОН 3)
15	Зоология	Пән жануарлардың ішкі және сыртқы құрылымын, олардың түрлерінің әртүрлілігін, таралуын, дамуын, пайда болуын, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, табиғаттағы маңыздылығын және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттейді, сонымен қатар эволюциялық дүниетанымды қалыптастырады. Оқу нәтижесінде студенттерде омыртқалы жануарлардың алуан түрлілігі, биологиялық объектілердің әртүрлілігі туралы; жануарлар материалындағы эволюцияның негізгі бағыттары мен заңдылықтары туралы; табиғаттағы және адам өміріндегі жануарлардың табиғатты ұтымды пайдалану негіздерін білудің ажырамас бөлігі ретіндегі рөлі туралы идеялар қалыптасады.	5	ҚК 8 (ОН 3)
	Ауылшаруашылығы малдарының морфологиясы	Курс ауылшаруашылық малдарының ағзасының мүшелері мен тіндерінің жүйелерінің құрылымдық орналасуын, олардың жеке өсу мен даму процесіндегі функциялары мен өмір сүру жағдайларының өзгеруіне байланысты организмдер мен мүшелердің өзгеруін зерттейді. Пән студенттерде ауылшаруашылық малдары организмнің құрылымы, физиологиялық процестері мен функциялары туралы іргелі және кәсіби білімді қалыптастырады.	5	ҚК 8 (ОН 3)
	Ауылшаруашылығы малдарының физиологиясы	Курс ауылшаруашылық малдарының ағзасының мүшелері мен тіндерінің жүйелерінің құрылымдық орналасуын, олардың жеке өсу мен даму процесіндегі	5	ҚК 8 (ОН 3)

		функциялары мен өмір сүру жағдайларының өзгеруіне байланысты организмдер мен мүшелердің өзгеруін зерттейді. Пән студенттерде ауылшаруашылық малдары организмнің құрылымы, физиологиялық процестері мен функциялары туралы іргелі және кәсіби білімді қалыптастырады.		
<b>Модуль 3–Генетикалық әлеуеттерді басқару</b>				
17	Биометрия	Пән студенттердің биометрия саласындағы практикалық білім мен дағдылардың негіздерін және оның басқа ғылымдармен байланысын, яғни маманның қазіргі биометрияның қарапайым әдістерін игеруін қалыптастырады. Курс студенттің заманауи биометриялық әдістер мен ақпараттық технологиялардың көмегімен сандық және сапалық белгілер бойынша бастапқы деректерді талдау, өңдеу қабілетіне ықпал етеді. Зерттелетін өзгергермелі белгілердің негізгі сипаттамаларын, таралу түрлерін, популяция параметрлерін, хи-квадрат критерийін, дисперсиялық талдауды, белгілер арасындағы байланыс түрлерін игеруге ықпал етеді.	6	КК 9 (ОН 3)
18	Жануарлар генетикасы	Пән организмдегі белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтарын және өзгергіштіктің ұрпақтағы көрінісін зерттейді; студенттер генетика саласындағы практикалық және білім мен дағдылардың негіздерін қалыптастырады. Курсты зерттеу нәтижелері бойынша студент жасушаның генетикалық элементтерін, белгілердің тұқым қуалаушылық түрлерін, генетикалық материалдың табиғатын, про және эукариоттар геномының құрылымын, геннің қызметі мен оны реттеу жолдарын, генетикалық инженерияның негізгі кезеңдерін, мутациялық өзгергіштік түрлерін, генетикалық полиморфизмнің маңыздылығын және эволюциялық факторларды игереді.	5	ҚК 9 (ОН 7)
<b>Модуль 4– Малдың денсаулығын қорғау және мал шаруашылығын автоматтандыру туралы ғылым</b>				
19	Зоогигиена	Пән ауылшаруашылық малдарының өнімділік сапасына және	5	ҚК 10 (ОН 4)

		<p>организмнің табиғи төзімділігіне қасиеттеріне қоршаған орта факторлары кешенінің әсерін зерттейді. Оқу нәтижесінде студенттер қоршаған ортаның зоогигиеналық жағдайлары мен заңдылықтары, олардың жануар ағзасына әсері, денсаулық жағдайы, өнімділігі туралы білімдері мен құзыреттілікке ие болады; сонымен қатар өнімділігі жоғары ауылшаруашылығы малдарын өсіру үшін зоогигиеналық нормалар мен ережелерді, қоршаған ортаның оңтайлы және шекті рұқсат етілген параметрлерін жасай алады.</p>		
20	<p>Мал шаруашылығын механикаландыру және автоматтандыру</p>	<p>Курс мал шаруашылығын азықтандырудағы, күтіп-бағудағы, мал жайылымдарын сумен қамтамасыз етудегі және т. б. процестерді механикаландыру мен автоматтандыруды зерттейді</p> <p>Пән студенттердің ауылшаруашылығы малдары мен құстарын суаруға арналған автоматты суарғыштарды орнату; жемді ұсақтауға, араластыруға, дайындауға және таратуға арналған жабдықтарды пайдалану бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастырады. Азық цехының жабдықтарымен, сиырларды машинамен сауумен, сондай-ақ сүтті алғашқы өңдеуге, қой қырқуға және көнді тазалауға арналған машиналармен, аппараттармен жұмыс істеу қабілетті болады.</p>	5	КК 10 (ОН 4)
<b>Модуль 5- Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы</b>				
21	<p>Мал шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау</p>	<p>Курс студенттердің мал шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау, заңнамалық және нормативтік база, негізгі ұғымдар, мәні, объектілері, түрлері, стандарттау әдістері және өнімнің сәйкестігін растау туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Пән өнімдерге, сапа жүйесіне, қызметтер мен персоналға, халықаралық стандарттау және сертификаттау ұйымдарына арналған стандарттарды терең зерделеуге; Қазақстан Республикасында стандарттау және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша дағдыларды</p>	5	КК 11 (ОН 5)

		алуға қабілетті болады.		
22	Мал шикізатын алғашқы өңдеу технологиясы және сараптамасы	Бұл курста студенттер мал шикізатын дайындау, жүн, былғары, аң терісі шикізатының жіктелуі, құрылымы туралы түсініктерді үйренеді; НТҚ және МЕМСТ-қа сәйкес мал шикізатының тауарлық қасиеттерін бағалаудың және сараптаудың объективті әдістерін меңгереді; мал шикізатының алғашқы өңдеу технологиясын; консервілеу әдістерін, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарына жеткізгенге дейін мал шикізатын сақтау шарттарын оқып үйренеді.	6	ҚК 11 (ОН 8)
	Асыл тұқымды малдардың және мал шаруашылығы өнімдерінің экспорты, импорты	Курс отандық және халықаралық ережелер мен стандарттарды, технологиялық процестерді, асыл тұқымды малдарды, шикізат пен малдан алынатын өнімдерді экспорттау мен импорттау жолдары мен тәсілдерін зерттейді. Оқыту нәтижесінде студенттер мал союға қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптарды; ауылшаруашылығы малдарын авиа-, су және темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларын; оларды түсіру және тапсыру, межелі пунктте қабылдау кезіндегі ветеринариялық-санитариялық бақылау өлшемдерін меңгереді.	6	ҚК 11 (ОН 8)
<b>Модуль 6 – Малдардың әл-ауқаты</b>				
23	Ветеринария негіздері	«Ветеринария негіздері» пәні студенттерде алдың жалпы патологиясы, клиникалық диагностикасы, хирургиясы, ішкі аурулар терапиясы, фармакологиясы, токсикологиясы, эпизоотологиясы, паразитологиясы бойынша қажетті білім кешенін қалыптастырады. Курсты оқу нәтижесінде ауыл шаруашылығы малдарының жұқпалы және жұқпалы емес ауруларымен күресу және адамдар мен малдарға ортақ аурулардан қорғау бойынша негізгі іс-шараларды ұйымдастыру дағдыларын игереді.	5	КК 12 (ОН 4)
	Микробиология	Білім алушыларға жалпы микробиология, морфология, физиология, микроорганизмдер генетикасы негіздерін оқытуға көмектеседі. Микроб клеткасына әртүрлі факторлардың әсері, микроорганизмдердің N, C, P, S, Fe	5	КК 12 (ОН 3)

		қосылыстарының және басқа элементтердің айналуына қатысуын, сапрофитті және патогенді микроорганизмдердің әртүрлі топтарын және қоздырғыштарды, ауыл шаруашылығы дақылдарының ауруларына қарсы микробты препараттарды зерттеу.		
24	Ветеринарлық репродуктология	«Ветеринариялық репродуктология» пәні ветеринариялық репродуктологияның қазіргі жағдайы мен перспективаларын, ауыл шаруашылығы малдарының аналықтары мен еркектерінің жыныстық аппаратының физиологиясын, жүктіліктің, туудың, туғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы мен патологиясын, сүт безі ауруларын және олардың әртүрлі малдар түрлерінің алдын алуды зерттейді. Ұрықтану мен ұрықтандыру, жүктілік, туу және туғаннан кейінгі кезеңде малдардың ағзасында және төл көтеру органдарында болатын физиологиялық және патологиялық процестер туралы білімді игеруге шығады.	5	КК 12 (ОН 4)
	Ветеринарлық акушерлік	Курс көбеюдің негізгі биологиялық заңдылықтарын, малды ұрықтандыруды, репродуктивті органдар мен сүт бездерінің физиологиясы мен патологиясын ашады. Курс ауыл шаруашылығы малдарының репродуктивті функциясының заңдылықтарын терең түсіну негізінде кәсіптік міндеттерді тиімді шешу және кәсіптік қызметті ұйымдастыру үшін қажетті негізгі құзыреттерді қалыптастыруға, сондай-ақ аспаптық (УДЗ) және зертханалық диагностиканың заманауи әдістерін пайдалана отырып, акушерлік-гинекологиялық аурулар мен жануарлардың бедеулігінің алдын алу мен терапиясына бағытталған.	5	КК 12 (ОН 4)
<b>Модуль 7 – Жануарлар туралы ғылым</b>				
25	Мал азықтандыру	«Мал азықтандыру» пәні студенттердің мал азықтандыру саласындағы теориялық және практикалық білімдерін қалыптастырады. Сонымен қатар, студент мал азығына зоотехникалық талдау жүргізіп, олардың сапасы мен азықтануын бағалай алады;	10	КК 13 (ОН 5,6)

		<p>малдың негізгі қоректік заттарға қажеттіліктерін анықтай алады, азықтандыру рационына талдай алады және оны құрастыра алады.</p> <p>«Мал азықтандыру» курсының нәтижелері бойынша студент судың сапасын бақылауды жүзеге асыра алады; мал өсіру, азықтандыру және күтіп-бағу жағдайларына санитарлық-гигиеналық бағалау жүргізе алады; қоршаған ортаның жай-күйін және микроклиматтың жекелеген көрсеткіштерін бағалай алады.</p>		
26	Мал өсіру және селекция	<p>Курс студенттерде қолда бар мал тұқымдарын сапалық жақсарту және өнімділігі жоғары, экономикалық тиімді мал тұқымдары мен тұқым ішілік типтерін шығару туралы түсінігін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, курс жануарлардың өнімділік, конституциялық қасиеттерін және алдыңғы буындармен салыстырғанда жаңа ұрпақтарда ең жақсы малдарды алу әдістерін зерттейді.</p> <p>Курс малдардың биологиялық ерекшеліктерін, азықтандыру және күтіп-бағу жағдайларын ескере отырып, олардың сапасын жақсарту принциптері мен әдістерін зерттейді. Оқыту нәтижесінде студенттер ауыл шаруашылығы малдарының эволюциясы мен жеке дамуы, тұқымның пайда болуының теориялық негіздерін және мал шаруашылығын интенсификациялау жағдайында селекциялық-асыл тұқымдылық жұмыстарды ұйымдастыру, ауыл шаруашылығы малдарын сұрыптау, жұп таңдау және өсіру әдістері бойынша білім алады.</p>	10	КК 13 (ОН 5)
	Агробизнесті ұйымдастыру	<p>Бизнестің жекелеген түрлерін зерделеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін жоспарлау мен өндіруді, нарықтық тауар алмасуды, қаржыландыруды басқаруды ұйымдастыруды, коммерциялық келісімдер жасасу тәсілдерін, іскерлік келіссөздер жүргізуді, жалпы кәсіпкерлік қызметтің экономикалық тиімділігін</p>	6	КК 13 (ОН 4)

		қарауды зерделеу.		
	Аграрлық экономика	Курста экономиканың аграрлық секторын қалыптастыру мен дамытудың объективті алғышарттары, сондай-ақ, макро, мезо және микро деңгейдегі агробизнесің экономикалық тетіктері, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде аграрлық сектордың түрлі ресурстарын пайдалану және ұйымдастыру зерттеледі.	6	КК 13 (РО 4)
<b>Кәсіптік пәндер циклі</b>				
<b>Модуль 8 – Мал шаруашылығындағы инновациялар</b>				
27	Жануарлар биотехнологиясы	Пән ауылшаруашылығы малдарының құнды генотиптерін қарқынды көбейту мақсатында биотехнология мен гендік инженерияның заманауи әдістерін зерттейді, оның ішінде клондық, трансгендік, гомозиготалы және химерлі жануарларды алу, эмбриондарды трансплантациялау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы малдарының гаметалары мен эмбриондарын криоконсервациялау технологиясы үйреніп шығады. Курсты оқу нәтижесінде студенттер малдың құнды генотиптерін сұрыптау, суперовуляция жүргізу, донорларды синхрондау, аналықтарды қолдан ұрықтандыру бойынша практикалық дағдыларға ие болады.	5	ҚК 14 ( 4; 6)
	Клеткалық биотехнология	Курс студенттердің жануарлар мен өсімдіктердің биотехнологиясы саласында құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл курста тірі организмдердің генетикалық және жасушалық биотехнологиясының жетістіктеріне негізделген дәстүрлі және соңғы технологиялар көрсетілген. Рекомбинантты ДНҚ, трансгенді жануарлар мен өсімдіктерді алу сияқты биотехнология әдістері қарастырылады. Экологиялық, ауыл шаруашылығы, шикізат проблемаларын шешуде биотехнологиялық процестерді пайдалану мәселелері қаралады.	5	КК 14 (ОН 4)
28	Мал шаруашылығындағы цифрландыру	Пән ауыл шаруашылығы малдарының түрлерін және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды өсіру, күтіп-бағу және азықтандыру бойынша	5	ҚК 14 (ОН 8)



		<p>мал шаруашылығында қолданылатын технологиялық процестерді автоматты түрде реттеу мен басқарудың инновациялық бағыттарын зерттейді. Пәнді оқу нәтижесінде студенттер мал шаруашылығы өнімдерін алудағы технологиялық процестерін орындаудың цифрлық технологияларын пайдалану бойынша; цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыруды ұйымдастыру және бақылау бойынша білімдері мен дағдылары қалыптасады.</p>		
	Мал шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру	<p>Курс студенттердің жануарлар мен өсімдіктердің биотехнологиясы саласында құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл курста тірі организмдердің генетикалық және жасушалық биотехнологиясының жетістіктеріне негізделген дәстүрлі және соңғы технологиялар көрсетілген. Рекомбинантты ДНК, трансгенді жануарлар мен өсімдіктерді алу сияқты биотехнология әдістері қарастырылады. Экологиялық, ауыл шаруашылығы, шикізат проблемаларын шешуде биотехнологиялық процестерді пайдалану мәселелері қаралады.</p>	<b>5</b>	КК 14 ( 8)
<b>Модуль 9 – Ірі мал шаруашылығы</b>				
31	Ірі қара мал шаруашылығы	<p>Бұл курста ірі қара малдың тұқымдары, биологиялық ерекшеліктері мен экономикалық пайдалы белгілері, конституциясы, экстерьері, интерьері, сүт және ет өнімділігі, сүт және ет өндіру технологиясы, табынның көбеюі мен асыл тұқымды мал шаруашылығы зерттеледі.</p> <p>Оу нәтижесінде студенттерде біздің елімізде және шетелде мал шаруашылығының жай-күйі, ірі қара малды ұтымды өсіру және пайдалану, сүт пен ет өндірудің ең аз еңбек шығындарымен қарқынды технологиялары туралы терең білім қалыптасады.</p>	6	КК 15 (ОН 6;7)
32	Жылқы шаруашылығы	<p>Курс жылқылар мен түйелердің шығу тегін, қолға үйретілуін және қалыптасуын, сыртқы конституциялық және биологиялық</p>	6	КК 15 (ОН 6;7)

		ерекшеліктерін, тұқымдарын және оларды жіктеу принциптерін зерттейді. Оу нәтижесінде студенттерде жас төлді өсіру технологиясы мен төлдегіштілігін арттыру, бие мен түйенің сүт өнімділігін есепке алу әдістері, сүт өнімдерін өндіру технологиясы, сондай-ақ ҚР-да және шетелде жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығының қазіргі жағдайы туралы терең білім қалыптасады.		
	Түйе шаруашылығы	Курс түйелердің пайда болуын, қолға үйретілуін және түрленуін, сыртқы конституциялық және биологиялық ерекшеліктерін, тұқымдарын және оларды жіктеу принциптерін зерттейді. Оқыту нәтижесінде студенттерде жас малдарды өсіру технологиясы мен өсімін молайту, түйелердің сүт өнімділігін есепке алу әдістері, сүт өнімдерін өндіру технологиясы, сондай-ақ ҚР-да және шетелде түйе шаруашылығының қазіргі жағдайы туралы терең білім қалыптасады.	6	КК 165 (ОН 6;7)
<b>Модуль 10 – Ұсақ мал шаруашылығы</b>				
33	Қой және ешкі шаруашылығы	«Қой және ешкі шаруашылығы» пәні студенттердің қазіргі заманғы зоотехникалық ғылым мен озық тәжірибенің жетістіктері негізінде қой және ешкі шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы бойынша теориялық және практикалық білімдерін қалыптастырады. Оу нәтижесінде студенттер қой мен ешкіден өнім алу және бастапқы өңдеу (жүнді, түбітті қырку және сұрыптау, бордақылау және азықтандыру, қой мен ешкіні сауу, сүтті қайта өңдеу және т.б.), қой мен ешкіні күтіп-бағу мен азықтандыруды ұйымдастыру дағдыларын игереді.	6	КК 16 (ОН 6;7)
34	Шошқа шаруашылығы	Пән шошқа тұқымдарының пайда болу эволюциясы мен процесі, жаңа тұқымдарды шығару және қолданыстағы тұқымдарды жетілдіру, шошқалардың өнімділігін арттыру, шошқа шаруашылығында асыл тұқымды жұмыстарды жүргізу, табындарды молайту, жас төлдерді өсіру және бордақылау техникасы, шошқа өнімдерін өндіру технологиясы мәселелерін зерттейді. Пәнді оқу нәтижесінде студенттер	6	КК 16 (ОН 6;7)

		шошқалардың бордақылау және ет өнімділігін арттыру, азықты пайдалану тиімділігі, шошқа өнімін өндіруді қарқындату әдістері бойынша теориялық білім мен практикалық дағдылар алады.		
35	Құс шаруашылығы	Пән ауыл шаруашылығы құстарының барлық түрлерінің биологиялық, өнімділік және шаруашылық ерекшеліктерін негізгі ала отырып, өсіру, селекциясы, азықтандыру және күтіп-бағуы, құс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясын зерттейді. Курсты игеру нәтижесінде студенттер ауыл шаруашылығы құстарын сұрыптаудың, азықтандырудың және күтіп-бағудың әртүрлі әдістері, тәсілдерді қолдану бойынша білім мен дағдыларды игереді; жұмыртқа мен құс етін өндірудің әртүрлі технологияларын қолданады; технологиялық процестер параметрлерін және өнім сапасын өндірістік бақылау тәсілдерін меңгереді.	6	КК 16 (ОН 6;7)

## Практика базалары

№	Название компаний, предприятий, организации	Контакты, E-mail
1	ТОО «Агрофирма Dinara Ranch» срок до 05.10.2026 Алматинская область, Балхашский район, с. Миалы, ул. Малайсары, 2.	<a href="mailto:bakitzhan_67@mail.ru">bakitzhan_67@mail.ru</a> тел. 8 (727)264 26 29
2	ПК «О. Курбанов» срок до 10.12.2023 Туркестанский область, Сайрамский район, с. Манкент, ул. О. Курбаналиева, №28 Б.	Тел: 87782980273
3	КХ «Мәди» срок до 10.12.2023 Алматинская область, Жанакалинский район, с. Актерек, ул. Коянды дом б/н	Тел: 87029448899 Почта: akterek@mail.ru
4	ТОО «Калык-Транс-1» срок до 31.12.2023	Тел. 87012585500
5	«Племзавод Алматы» АШӨК срок до 12.02.2023 Алматинская область, Талгарский район, г. Талгар, ул. Кунаева 66.	Тел: 87277477600; 2956290, 3049105 Почта: mtm.2018@mail.ru
6	«Жасқанат» ШҚ Срок до 31.12.2023 Алматинская область, Саркандинский район, Абай, ул.Досжанова, 9а дом,	тел - 87753188584
7	«Молочный Завод Солнечный» ЖШС Срок до 31.12.2023	Тел. 87472331478
8	«Қуаныш» ШҚ Срок до 10.12.2023	Тел. 87078779966
9	«Сулеймен» ШҚ Срок до 31.12.2023 Алматинская область, Райымбекский район, село Қарасаз,	тел 87477003093
10	«Талант» ШҚ Срок до 10.12.2023 Алматинская область, Райымбекский район, с.Кеген, ул. Балапанұлы 23,	тел-87015633000 почта-bakit71@bk.ru
11	«Қоржын» ШҚ Срок до 10.12.2023 Западно-Казахстанская область, Каратобинский район, с.Колкамыс,	тел – 87751570244 почта – <a href="mailto:b.mukanova@mail.ru">b.mukanova@mail.ru</a>
12	«Атырау Агро Өнімдері» ЖШС Срок до 10.12.2023 Атырауская область, Махамбетский район, с.Сарайчик	тел- 8712229863, 87272298827
13	«Асыл-түлік» АҚ Срок до 10.12.2023 Ақмолинская область, Целиноградский район, Коспынский с.о., с.Коспы, Учетный квартал 018,77	тел-871651738150 <a href="mailto:почта-ao.asyl-turik@mail.ru">почта-ao.asyl-turik@mail.ru</a>
14	«Жақсылық» ШҚ Срок до 10.12.2023 Алматинская область, Балхашский район, П.Акжар,	тел - 87273036526

	ул.Барибаета 2,	
15	«Мұрагер-3» ШҚ Срок до 31.12.2023 БКО, Жарманский район, С.Терис таңбалы,	тел 87272254346 почта <a href="mailto:kairat_ishan@mail.ru">kairat_ishan@mail.ru</a>
16	«Күмкент»ШҚ Срок до 10.12.2023 Туркестанская область, Сузакский район, С.Кумкент, ул. Берденулы №16,	тел-87028399390
17	«Ташқарасу» ШҚ Алматинская область, Уйгурский район, с.Ташқарасу Уч.Ташқарасу	тел – 872229908, почта – 629301340@BKR4
18	«Серікжан» ШҚ Срок до 10.12.2023	Тел. 87478772525
19	«Алатау Қус» ӨК Срок до 10.12.2023	Тел. 8(727)306-43-94, 306-32-18
20	ТОО «Аманкелді» ЮКО, Казыгуртский район, с. Казыгурт ул. Кунаева 8	87252531551, Почта: nuraman_agro@mail.ru
21	КХ «ММ» Жамбылская область, Жуалинский район, с. Куркуреу ул. Дженис 12.	Тел: 87770924948
22	ТОО «МКС Ақбоз» Алматинская область, Панфиловский район. г. Жаркент, ул. Таныбаева 149.	7283190113; 7283179032
23	КХ «Шынтас» Жамбылская область, Кордайский район, с/о Аукатты Участок Сарбулак.	8(702)6662421
24	«Алматы ипподромы» г. Алматы, ул. Рыскулова , дом 57 Б.	87017440096
25	КХ «Бокес» Алматинская область, Алаколский район. г. Учарал, ул. Дулепова 13 дом.	87015586926
26	КХ «Бәкей» Восточно Казахстанская область, Урджарский район, с. Маканшы, ул. Найманбаева 154 Б.	87233941442; 87017789911. Почта: Bakei_agro@mail.ru
27	ТОО «Сергазиев» ЗКО, Жанакалинский район, п. Чапаева, ул. Абая, 1.	87774763289
28	ТОО «Көшім» ЗКО, Жанакалинский район, п. Чапаева, ул. Достық, 20.	87014228607
29	КХ «Кунгей» Алматинская область, Балхашский район, с. Миалы, ул. Тасмурун, 4.	87051926699
30	ШҚ «Нусупбеков» Алматинская область, Илийский район, урочище Карой, Бригада №2.	87013870053
31	ТОО «Шанырак» Алматинская область, Коксуйский район.	87283825322; 87014142931
32	КХ «Мұрагер-Д» Алматинская область, Аксуский район, с. Капал.	87014363788
33	ШҚ «Алтай Карпык Сайдала Сары Тока» Павлодарская область, Иртышский район.	87779355556; 87183226381
34	ПК «Ижевский» Акмолинский область, Аршалинский район, с. Ижевское.	87172328553; 87164424210
35	ЖШС «Победа» Павлодарская область, Щербактинский район. с. Ораловка, ул. 1 Мая, 33.	87183629740. Почта: too_pobeda@mail.ru
36	ЖШС «Ақ сұңқар» Алматинская область, Жанакалинский район, Ст. Казыбек бек, ул. Карбозина 2.	87273892786
37	ШҚ «Шолақ еспе» Карагандинский область, Шетский район, с. Кызыл Тау.	87781772000
38	ШЖҚ «Айтеке Би-СК» Северо-Казахстанская область, Мамлютский район, с. Калугино.	87152317225. Почта: peterfeld-agro@mail.ru
39	КХ «Ешмуратов Е» Алматинская область,	87028485337. Почта:

	Алаколский район, Кабанбай ауылы, ул. Конаева 22.	<a href="mailto:ermek.ashmuratov.68@mail.ru">ermek.ashmuratov.68@mail.ru</a>
40	КХ «Құмтекей» Алматинская область, Райымбекский район, п. Кеген, ул. Алмерека, 10.	87025293470
41	ШҚ «Алмас» Алматинская область, Аксуский район, п. Капал, ул. Акын-Сара, 68 дом.	87074790978
42	ЖШС «Биязы» ЮКО, Казыгуртский район, п. Кызылкия, ул. Аширбаева	87024298838
43	ТОО «Қазыбек бек» Алматинская область, Жанакалинский район, Ст. Казыбек бек, ул. Энергетиков 28.	87273892786.
44	ТОО «Қазықурт Агросервис и К» ЮКО, Казыгуртский район, п. Кызылкия, ул. Нусенова 21.	87017090000
45	ТОО «АйтекеБИ-Ск» Северо-Казахстанская область, Мамлютский район, с. Калугино.	87152317225. Почта: <a href="mailto:peterfeld-agro@mail.ru">peterfeld-agro@mail.ru</a>
46	ШҚ «Айдарбаев Е.С.» Алматинская область, Енбекшиказахский район, п. Саймасай, ул. Студенческая, 1 дом.	87273867919; 87273913191 Почта: <a href="mailto:Rh_saimasai@mail.ru">Rh_saimasai@mail.ru</a>
47	ТОО «Агрофирма Dinaга Ranch» Алматинская область, Балхашский район, с. Миалы, ул. А.Касымбеков 20А	87277353253 Bakytzhan_67@mail.ru
48	АҚ «Женис» Карагандинский область, Жанааркинский район, с. Тугускен ул. Ы. Жумабекова дом 10.	87056680065 zhenisatz@mail.ru
49	ЖШС «Күрті-Саяхат» Алматинская область, Жанакалинский район, Ст. Казыбек бек, ул. Карбозина 2. Тел:	87273892786.
50	ПК «О. Курбанов» Туркестанский область, Сайрамский район, с. Манкент, ул. О. Курбаналиева, №28 Б.	87782980273
51	КХ «Мәди» Алматинская область, Жанакалинский район, с. Актерек, ул. Коянды дом б/н	87029448899 Почта: <a href="mailto:akterek@mail.ru">akterek@mail.ru</a>
52	«Племзавод Алматы» АШӨК Алматинская область, Талгарский район, г. Талгар, ул. Кунаева 66.	87277477600; Почта: <a href="mailto:mtm.2018@mail.ru">mtm.2018@mail.ru</a>
53	КХ «Ажар» Алматинская область, Жанакалинский район, п. Узынагаш, ул. Дуйсенбаева 30.	87015454883 dau7861@mail.ru
54	«Өтес-Биос-Азия» Алматинская область, Балхашский район, с. Баканас, ул. Байшинова, 1.	87272642629 Почта: <a href="mailto:kaznaupractica@mail.ru">kaznaupractica@mail.ru</a>
55	«Мереке» АЗ АҚЖамбылская область, Меркинский район, с. Акермен, ул. Толе би, дом 31	87263226446, 87765886955 Почта: <a href="mailto:toleu68@mail.ru">toleu68@mail.ru</a>
56	«Руслан» ШҚ Алматинская область, Жанакалинский район, п. Ақсеңгір	87024588588
57	«Шобық» ШҚ Мангистауская область, Мангистауская район, с. Кызан, ул. Кызан 10, кв 1	87293142021, 87784915050 Почта: <a href="mailto:bmyrbaev01@mail.ru">bmyrbaev01@mail.ru</a>
58	«Таушық ауыл шаруашылығы» ЖШС Мангистауская область, Таупкараганский район. с. Таушық, ул. Ардагер	87019122826
59	«Болашақ Нұр» ӨК ЮКО, Толембиский район, п. Первомаевка, ул. Д. Конаева 193 «А».	87053460544 Почта: <a href="mailto:mirazizmirsidikov57@vail.ru">mirazizmirsidikov57@vail.ru</a>
60	«Айгерім» ШҚ Алматинская область, Панфиловский район	87283152449, 87028889889
61	«РЗА-Асылтүлік» ЖШС Кызылординская область, Казалинский район, с. Айтеке би, ул. Г. Муратбаева, 1Е	87243824423

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТИ**  
**Коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

«Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы» факультеті

«Зооинженерия» кафедрасы

16.01.2024ж

Алматы қаласы

**Хаттама №6**  
**көшірмесі**

**ҚАТЫСҚАНДАР:** кафедра меңгерушісі, профессор Ш.Адылканова., академик: Т.Садықұлов., профессор: Ш. Альпейсов, қауым. профессорлар: Б.Құлатаев., Л.Бөпебаева., Е.Баймәжі., Р.Қадыкен., Г. Жумагалиева аға оқытушы: З. Нургазина.

Білім алушылар: Жукина А., Жукина А., Жураев Ш., Тажигулов Д., Рушанова З.

Бітіріп кеткендер: Исаев А., Шатаева., Н. Тұралық., А. Ықылас., Ш. Гафуров.

Жұмыс берушілер: «Айдарбаев» ШҚ Басшысы Е.Айдарбаев

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. 6В08201 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат деңгейінің 2024-2028 жж арналған білім беру бағдарламасын талқылау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

«Зооинженерия» кафедрасының меңгерушісі, профессор Ш.Адылканова., кафедраның оқытушы-профессорлық құрамына 2024-2028 жж арналған жаңа білім беру бағдарламасы жасалытынын айтып, кафедраның осы қарастырылып отырған БББ комитетчигі Е.Баймәжіге осы жайлы ақпарат беруін және соған байланысты оқытушыларға өз пікірлерін білдірулерін сұрады.

Комитетчик Е.Баймәжі - сөз алып, 6В08201 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасының бакалавр бойынша жалпы пәндердің кредит санын, соның ішінде міндетті пәндердің кредит санын, базалық пәндер кредитін, жоғарғы оқу орны компоненттерінің кредитін, базалық пәндердің ішіндегі таңдау компонентінің кредиттерін жеке-жеке атап көрсетті. Сонымен қатар, былтырғы 2023-2027 жж. арналған білім беру бағдарламасы «Атамекен» кәсіпкерлер коорпорациясының тәуелсіз сарапшылары тарапынан оның мазмұны мен қойылған арнайы талаптарына сай өте жоғары балл алды. Енді, биылғы жаңа 2024-2028 жж. арналған білім бағдарламасының құрылымына

жұмыс берушінің талаптарына және 2023-2027 жж. арналған білім беру бағдарламамызға «Атамекен» кәсіпкерлер коорпорациясының тәуелсіз сарапшылары тарапынан қойылған талаптарын орындау үшін, Сіздердің кәсіби біліктеріңізбен білімдеріңіздің көмектеріңіз зор болды. Нәтижесінде біздің бакалвр деңгейіне арналған білім беру бағдарламамыз мағыналы және әдістемеге сай болып шықты.


**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** Кафедраның қауымдастырылған профессоры Л.Бупебаева: Білім беру бағдарламасының кей пәндерді түбегейлі алып тастап, кәзіргі заман талаптарына сай пәндерді енгізу керек. Мысалы «Мал шаруашылығындағы инновация» пәнін БББ алыпт тастау керек. Себебі, бұл пәнді магистртура деңгейінде оқытылады.

«Айдарбаев» ШҚ Басшысы Е.Айдарбаев – Кәсіби мамандарды даярлау үшін жасалынып отырған білім беру бағдарламаларын құрастыруды тек кафедраның оқытушы-профферсорлары құрамы ғана емес, сонымен қатар білім алушылар мен бұрын бітіріп кеткен түлектерді және мені де шақырып отырғандарыңызға үлкен рахмет. Ал енді БББ құрылымына келетін болсақ, 4 –ші курстағы «Геномдық селекция» пәнін бере алатын кафедраның мүмкіншілігі бар ма? Ал егер жоқ болса ол пәнді БББ алып тастау керек.

«Зооинженерия» кафедрасының оқытушы-профессор құрамы мен білім алушылар және жұмыс беруші тарап та аталған бакалавр деңгейінің білім беру бағдарламасын бір ауыздап құптап, ал кейбір қателіктерді түзету керек екендігін атап өтті.


**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:** Бірауыздан бәрі мақұлдады.

Төраға



Ш.Адылканова

Хатшы



З. Нургазина



#### №4 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕСІ

Төрайым – К.Искакова  
Хатшы – Ж.Искакова

Алматы қ.

«30» қаңтар 2024 ж.

**ҚАТЫСҚАНДАР:** 11

#### КҮН ТӘРТІБІ

1. ҚазҰАЗУ-нің «Зооинженерия және тағам өндірісінің» технологиясы факультетіне қарасты «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының 2024-2028 оқу жылға арналған білім беру бағдарламалары туралы

**ТЫҢДАЛДЫ:** Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы факультетінің академиялық комитет Төрайымы Искакова Қоңырша «Зооинженерия» кафедрасында бакалавр, магистратура және доктор PhD деңгейлеріне сай білім беру бағдарламаларын талқылау бойынша университетіміздің және басқада жұмыс берушілер сияқты білікті мамандардың бұл мәжіліске қатысып отырғанын атап өтті. Сөз барысында, 2024-2028 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларына өз пікірлеріңізбен ұсыныстарыңызды білдірсеңіздер деп аяқтады.

**СӨЗ АЛҒАНДАР:** «6B08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» Білім беру бағдарламасын комитетчигі Баймәжі Е. – биылғы жылғы талаптарға сай, біздің бағдарламамен 6B05102–«Биотехнология» бағдарламасының кейбір пәндері бірігіп отыр. Мысалы: бұғанға дейін «Жануарлар биотехнологиясы» мен «Генетика» пәндерін екі Білім беру бағдарламасының студенттері екі түрлі кредитте және түрлі семестрлерде оқитын еді, ал 2024-2025 оқу жылдан бастап бірігіп оқитын болды, енді олардың арасында (оқу семестрі мен кредит саны) ешқандай айырмашылықтар болмайды, яғни студенттер бірігіп оқиды. Соның ішінде кредит сандары мен оқу семестрлері біріктірілді, міне осындай жаңалықтар болуда.

**СӨЗ АЛҒАНДАР:** Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» Білім беру бағдарламасын магистратура және доктор PhD деңгейлері бойынша жауапты комитетчик Қойшыбаев А. - магистратура және доктор PhD деңгейлері бойынша жалпы пәндердің кредит санын, соның ішінде міндетті пәндердің кредит санын, базалық пәндер кредитін, жоғарғы оқу орны компоненттерінің кредитін, базалық пәндердің ішіндегі таңдау компонентінің кредиттерін жеке-жеке атап көрсетті. Сонымен қатар, былтырғы 2023-2024 оқу жылына арналған білім беру бағдарламасы «Атамекен» кәсіпкерлер кооперациясының тәуелсіз сарапшылары тарапынан оның мазмұны мен қойылған арнайы талаптарына сай өте жоғары балл алды. Ал, биылғы жаңа 2024-2028 оқу жылына арналған білім бағдарламасының құрылымына заман талабына сай өзгеріп жатыр, соның ішінде: №1 Ірі қара шаруашылығы және жылқы шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы Білім беру траекториясындағы 23 кредиттің орынына 11 кредит және №2 Қой шаруашылығы және құс шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы траекториясындағы 23 кредиттің орынына 11 кредит болып өзгеретін болды. Енді доктор PhD деңгейінің БББ дәл былтырғыдай етіп қалдыруымыз керек деп ұсыныс қалдырды, дегенменде келесі жылда бұл БББ құрылымын өзгертуге салармыз.

Құлатаев Б.: Бакалаврларға арналған білім беру бағдарламасы пәндерін оқып-үйрену кезінде түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалды, бұл білім беру бағдарламасы бойынша тезірек жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасы қажетті базалық білімді қалыптастырып, магистратураға, PhD докторантураға түсуге қажетті білімді бере алатындығын атап өтті.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:** 2024-2028 оқу жылына арналған «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасынан білім беру бағдарламалары талапқа сай.


**ДАУЫС БЕРІЛДІ:** «Бірауыздан» мақұлданды.

Академиялық комитет төрайымы



К.Искакова

Хаттаманы жүргізген



Ж.Искакова

**«БВ08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»  
білім беру бағдарламасына**

**ШКІР**

«БВ08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлауды жүзеге асыруға арналған бұл білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің заманауи технологияларын меңгерген жоғары білікті кадрларды даярлау болып табылады. Аталған бұл білім беру бағдарламасы жоғары кәсіптік білім берудің тиісті бағыты бойынша мемлекеттік білім беру стандарты негізінде және еңбек нарығына қарай жұмыс беруші органдардың талаптарын ескере отырып әзірленген және бекітілген, сондай-ақ ұсынылған бағдарламаның мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді, қазіргі заманғы білім беру сипаттамаларына жауап береді.

Білім беру бағдарламасын толық аяқтаған студент, жалпы 242 академиялық кредиттік пәндерді меңгеріп шығады, соның ішінде: жалпы білім беретін пәндер циклі – 56 кредит, базалық пәндер циклі -127 кредит, кәсіптік пәндер циклі – 51 кредит және қорытынды аттестация-8 кредитті құрайды. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасында 10 жалпы және таңдау модульдері қарастырылған.

Бұл, «БВ08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасының курсына толық аяқтаған студент, келесідей жұмыстарды жасауға қабілетті болады: - ауылшаруашылығы малдары мен құстарын селекциялық-асылдандыруда мал өсірудің заманауи әдістерін қолдана біледі; әртүрлі жеке меншіктік қосалқы шаруашылықтарда өсірілетін ауыл шаруашылығы малдарының өнімділік және тұқымдық сапасын арттыру, сондай-ақ өсімталдығы мен сапасын жоғарылату жөніндегі ғылыми негізделген нәтижелерді өндірісте пайдалана алады; ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының асыл тұқымдық есебін жүргізу мен оларды қалыпты азықтандыруды пайдалана отырып, шаруашылық жағдайында ғылыми-зерттеу әдістерін пайдаланып эксперимент жүргізуге қабілетті болады.

Білім алушылар білім беру бағдарламасын толық игеру барысында, жалпы мәдени, кәсіптік құзыреттерді игере отырып, алған білімдері мен жеке қасиеттерін іс жүзінде қолдануға қабілетті болады.

Студенттердің білім беру бағдарламасына қарағанда, жалпы білім беру, базалық, бейіндік пәндерді игеру арқылы олардың шығармашылық әлеуетін, бастамашылық және жаңашылдық қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған.

Білім алушылар, білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде жалпы мәдени және кәсіптік құзыреттіліктермен, яғни олардың кәсіптік қызмет міндеттерін шешу үшін білімін, іскерлігін, жеке қасиеттерін қолдану құзреттіліктеріне ие болады.

Қорытындылай келе, бұл білім беру бағдарламасы және элективті пәндердің каталогі ҚР жоғары білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының негізгі талаптарына толық жауап береді, ендеше «6В08201-Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бітірушілердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді деп санаймын.

«Айдарбаев» ШҚ Басшысы



Е.Айдарбаев

**РЕЦЕНЗИЯ**  
**на образовательную программу «6В08201- Технология производства**  
**продуктов животноводства»**  
**кафедры «Зооинженерия» НАО КазНАИУ**

Целью образовательной программы «6В08201- Технология производства продуктов животноводства» является подготовка высококвалифицированных кадров, обладающих современными технологическими процессами производства продукции животноводства.

Миссия образовательной программы заключается в создании необходимых условий для формирования конкурентоспособного специалиста, востребованного в агропромышленном комплексе и мировом научно-образовательном пространстве.

В образовательной деятельности:

- создание, применение и распространение знаний и технологий мирового уровня для повышения конкурентоспособности национальной экономики;

- развитие и совершенствование модели системы аграрного образования, обеспечивающей высокое качество подготовки всесторонне развитых, высококвалифицированных кадров.

Результаты освоения основной профессиональной образовательной программы определяются приобретаемыми обучающимися общекультурными, общепрофессиональными и профессиональными компетенциями, т.е. их способностями применять знания, умения и личностные качества для решения задач профессиональной деятельности.

При изучении общеобразовательных, базовых, профилирующих дисциплин для обучающихся созданы все условия для развития творческого потенциала, инициативы и новаторства, продолжения студентами образования на последующей ступени высшего профессионального образования.

Считаем, что рецензируемый образовательная программа, разработанный кафедрой «Зооинженерия» НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет» отвечает основным требованиям государственного общеобразовательного стандарта после высшего образования РК и способствует формированию общекультурных и профессиональных компетентий по образовательной программе «6В08201- Технология производства продуктов животноводства».

Директор  
ТОО УНПЦ «Байсерке Агро»



С.Сагындыкова